

**Директордың жанындағы отырыс
ХАТТАМА № 5**

«28» қазан 2022 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны— 25
Кітапханашы-2
Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. БЖБ,ТЖБ тексеру
2. 5 сыныптарда сабақтастықты қадағалау қорытындысы
3. 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін қадағалау қорытындысы
4. Оқушылардың бос уақытының қамтылуы

Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:

Бөлім бойынша жиынтық бағалау. Тоқсандық жиынтық бағалау.

БЖБ — бөлім бойынша жиынтық бағалау. Бір тоқсанда бірнеше бөлім болуы мүмкін. Оқушының әр бөлім бойынша білімі мен біліктілігін тексеру үшін осы БЖБ алынады. Тапсырманы орындауға 15-25 минут беріледі. Оған шамамен 10-18 балл қойылады.

ТЖБ — тоқсандық жиынтық бағалау, яғни әр тоқсан аяғында алынады. Оқушыларға оны орындау үшін 40 минут беріледі. Жұмысы 30 баллға дейін бағаланады. БЖБ мен ТЖБ қиын дүние емес.

«Кезінде тапсырмаларды тест, диктант, бақылау жұмысы деп атайтынбыз. Ал қазір барлық пән бойынша алынатын бақылау жұмысын БЖБ және ТЖБ дейміз. Айырмашылығы осы ғана. БЖБ және ТЖБ тапсырмаларында критерий мен дескриптор көрсетіледі. Критерий — баланың берілген материалды қандай шарттарға негіздеп орындағанын, меңгеруі керек екенін белгілейтін көрсеткіш. Ал дескриптор — тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама.

Мысалы, тапсырма бойынша бала гүлдің суретін салуы керек. Оған мынадай критерий қойылуы мүмкін: тамырын, сабағының суретін салу, гүл күлтелері домалақ формада болуы керек, кейін гүлді бояу қажет. Бала сол критерийге сүйене отырып, тапсырманы орындайды. Ал мұғалім әр шарттың орындалуына қарай бағалап отырады. Мысалы, гүл тамырын салғаны үшін 2 балл, күлтесін бейнелегені үшін 2 балл деген сияқты. Осы әдіс арқылы оқушы мен ата-ана қай тапсырма үшін қанша балл алғанын нақты біліп отырады. Меніңше, бұл — тиімді тәсіл. Мұғалім баланың әр тақырыпты қаншалық меңгергенін қадағалай алады. Ал оқушы тапсырманы терең зерттеп, өз бетімен іздене бастайды, логикасы дамиды. Теория тапсырмаларын түрлі жағдаймен байланыстыруды үйренеді, — дейді пән мұғалімі.

Педагогтың айтуынша, алғашқыда Білім және ғылым министрлігінен БЖБ және ТЖБ бойынша дайын сұрақтар берілген. Дегенмен ол тапсырмалар ашық дереккөзге жарияланып, оқушылар интернеттен жауабын көшіруді әдетке айналдырған. Сол себепті қазір әр мұғалім дәріс беретін пәні бойынша БЖБ және ТЖБ сұрақтарын өзі құрастырады.

Оқушылардың тапсырма жауабын интернеттен көшіретінін байқаған министрлік мұғалімдерге өз бетінше тапсырма дайындау туралы ұсыныс білдірді. Меніңше, бұл дұрыс шешім болды. Себебі әр баланың деңгейін оның мұғалімінен жақсы ешкім білмейді. Әр пән оқытушысы әр класс оқушыларының сыни ойлау қабілетіне, біліміне, дағдысына қарай сұрақтар дайындайды, — дейді мұғалім.

Дегенмен кейбір пән мұғалімдері жаңа мазмұндағы бағалау жүйесінің артықшылығымен қоса бірнеше кемтұсы бар екенін де атап өтті. Оның айтуынша, кей баланың білімі әділ бағаланбайды. Ал электрон форматқа көшкен мұғалімдер жұмысы қайта қағаз бастылыққа ауыса ма деп алаңдайды. Кей оқушы сабаққа қатыспайды, тапсырманы орындамайды. Бірақ БЖБ мен ТЖБ кезінде жоғары балл алады. Ал тоқсан бойы белсенді қатысқан бала екі бақылау жұмысынан төмен баға алып қалып жатады. Мұндай кезде оқушыға әділ баға қою қиын. Сол себепті біз БЖБ мен

ТЖБ-ға дейін оқушыны дұрыс бағалауға тырысамыз. Екінші мәселе — қағазбастылық. Сабақ кезінде БЖБ мен ТЖБ тапсырмасын А4 параққа шығару керек.

Екінші сұрақ бойынша А.Шокубасова тыңдалды:

5 сыныптарда сабақтастықты қадағалау қорытындысы бойынша Бесінші сыныпта бейімделу кезеңі олардың мектептегі оқытудың қиын кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл мектеп ортасында және осы жастағы балалардың ішкі әлемінде орын алатын мазмұндық өзгерістер жиынтығымен байланысты. Осыған байланысты 5-сынып параллелінде диагностикалық минимумның мақсаты жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделу кезеңінің қиындықтарын жеңу үшін оқушылардың әлеуметтік-психологиялық мәртебесі туралы қажетті ақпарат алу; мектеп тәуекел факторларының алдын алу және жою болып табылды. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешілді:

Кеңес психологиялық-психологиялық тексеру, оқушылардың; Мұғалімдердің, әкімшілік өкілдерінің сабақтарда және сабақтан тыс уақыттарда оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктеріне бақылау жүргізілді; Құжаттама зерттелді; Бесінші сынып оқушыларының ата - аналарына кеңес берілді; Бесінші сынып оқушыларының сынып жетекшілері кеңес берді. Психодиагностикалық құрал-саймандар оқушылардың пәндік және жеке нәтижелерін зерделеуге бағытталған келесі диагностикалық материалдарды қамтиды:

Оқушыларды оқыту мотивациясын оқыту әдістемесі"; "Мектеп пәндеріне қарым-қатынас" сауалнамасы»; Ата-аналарға арналған сауалнама. Алынған мәліметтер сандық және сапалы талданып, бесінші сынып оқушыларының бейімделуі бойынша қорытынды жасалды, тиісті ұсыныстар берілді.

Үшінші сұрақ бойынша А.Шокубасова тыңдалды:

6-7 жастағы баланың мектепке бейімделуі – өте күрделі үдеріс болып табылады. Балалардың мектепке келу сәтінен бастап, психологиялық дамуының тұлғалық айырмашылықтары арта түседі. Баланың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуі туралы айта отырып, балалар ортасына бейімделуі туралы сұраққа тоқтала кеткен жөн. Әдетте, бұл үрдістегі қиыншылықтар балабақшаға бармаған, әсіресе отбасындағы жалғыз өскен балаларда көптеп кездеседі. Егер бұл балаларда әлеуметтік ортамен қарым- қатынаста жеткілікті тәжірибе болмаса, онда олар сыныптастарынан және мұғалімдерден, қалыпты қарым-қатынасты күтуі мүмкін. Сондықтан, мұндай балалар үшін жағдайдың күрт өзгеруі жиі стресске әкелуі мүмкін, себебі, мұғалім барлық балаларға бірдей қарап, оған өзінің көңілін бөлмесе, оған аяушылық жасамағандай сезінеді, ал сыныптастары мұндай балаларды көшбасшы есебінде қабылдауға асықпайды және оған көңілері келмейді.

Деадаптацияның алдын алуда ең тиімді тәсілі, балалармен жүргізілетін топтық жұмыс. Мұндай топтық жұмыс түрінде жүргізілген түзете-дамыту сабақтары жақсы нәтижеге қол жеткізеді және бірінші сыныптың бастапқы оқу кезеңінде жүргізген дұрыс. Осындай сабақтар баланың мектепке қолайлы бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді, оқу-тәрбие процесінде оның одан әрі қарай сәтті дамуына үлкен көмегі тиеді.

Оқушының ортаға деген оң микроклиматын қалыптастыру арқылы, жағымды атмосфера, эмоционалдық жайлылық, балалар арасында өзара құрметке негізделген тұлғааралық қарым-қатынас орнауына, эмпатия, бірін- бірі қабылдау мен өзара сенім білдіру, өзара іс-қимылды жақсартып, топтық ұжымшылдықтың дамуына зор ықпал етеді. Сондықтан, Овчарова Р.В. еңбектерінде, бейімделуді баланың мектептегі жағдайға ену процесі және нәтижесі ретінде анықтайды.

Оның қорытындысында бейімделу, яғни кейінгі өмірдің сәттілігін қамтамасыз ететін жеке қасиеттер, дағдылар жүйесін қалыптастырады. Көптеген авторлардың жұмыстары, баланың мектеп ортасына бейімделуінің сыртқы және ішкі факторларын анықтау мәселесіне бағытталған. Мысалы, «Оқушы-оқушы, арасындағы оң қарым-қатынасы» /Р.В. Овчарова/, «Мұғалім-оқушы, арасындағы оң қарым-қатынасы» /И.В. Дубровин, Р.В. Овчарова/, «Сыныптағы жағымды психологиялық атмосфера» /М.А. Максимов, Л.А. Ясюков/, «Бағалаудың болмауы» /Э.М. Александровская/, «Қолайлы отбасылық қатынастар» /Т.Л. Крюков, М.В. Сапоровская/, «Бейімделудің ішкі факторларына баланың танымдық мотивациясы жатады» /Л.М. Новиков/, «Балалардың мектепке дайындығының барлық аспектілерін қалыптастыру»

/А.Л. Венгер, Т.В. Дорожевец, Л.М. Новиков/, «Баланың психикалық және физикалық денсаулығы» /М.А. Максимова/, «Баланың қиын өмірлік жағдайға дұрыс жауап беру қабілеті» /Р.М. Грановская, И.М. Никольская/ сияқты ғалымдардың еңбектері осы күнде өзектілігін жоғалтпады. Сондықтан, осы мәселе бойынша мектептерде бейімделуге байланысты жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Бала бірінші сыныпқа барарда өмірінде, өзі толығымен түсіне алмайтын үлкен өзгерістер пайда болады. Мектепте оқыған алғашқы айлар өте күрделі және шиеленісті болып табылады. Білім алуға алғаш келген баланы жоғары сынып оқушылары мен ересектерден тұратын қоғамдық орта қарсы алады. Оған сыныптастары және мұғалімдермен калыпты қарым-қатынас орнату, үздік білім алуы үшін, мектеп пәндерінің талаптарына бейімделуі қажет.

Мектеп, алғашқы күннен бастап-ақ оқушылардың алдына міндеттер қояды, ерекше зияткерлік және физикалық күш салуын талап етеді. Педагогикалық-психологиялық диагностика нәтижесі көрсеткендей, балалардың барлығы бірдей мұндай өзгерістерге дайын болмайды. Кейбір оқушылар, тіпті жоғары интеллектуалды даму деңгейімен келген оқушылардың өзіне, мектептің оқыту жүйесі міндеттеген салмақты жүк түседі.

Психологтар көрсеткендей, көптеген бірінші сынып оқушылары, әсіресе алты жасарлардың, мектепке әлеуметтік бейімделуі қиын, себебі мектеп режиміне бағынышты, мектептің мінез-құлық нормаларын игерген, мектеп міндеттері мойындайтын жеке тұлғалық қасиеттері әлі толық қалыптаспаған болып шығады. Баланың мектепке, оқуға деген қарым-қатынас негізі сол уақытта, дәл сол 1-ші сыныпта қаланады.

Баланың мектепке бейімделуі – өте күрделі үрдіс. Кішкентай оқушының мектепке нық үйреніп, дағдылануы үшін бір күн емес, бір апта емес, ұзақ уақыт қажет болады. Бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі оларға жүктелген оңай тапсырма болмайды. Сабақтарда ойын және шығармашылық тапсырмалар, сондай-ақ психологиялық сипаттағы жаттығулар кеңінен пайдаланылады. Балалардың орындаған тапсырмаларының нәтижелерін жинақтау, талқылаудың маңызы зор. Сабақтардың бір бөлігі екі жақты сипатқа ие: олардың құрамында диагностикалық тапсырмалар ғана емес, дамытушылық, түзету жаттығулары болады.

Бірінші сынып оқушыларына ең алдымен, сабақтан бастап мектепке деген жағымды әсер қалдыру үшін: мектепке бейімделу кезеңі сәтті өтуіне және шешуі қиын мәселелер пайда болған балаларға көмектесуге арнайы өзімнің авторлық бағдарламамды құрастырдым. Осы орайда, жоғарыда көрсетілген мәселелерді жүйелеуге, «1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін психологиялық сүйемелдеу» тақырыбындағы арнайы бағдарламамның маңызы зор деп есептеймін.

Мектепке бейімделуін психологиялық сүйемелдеу мақсаты:

Бірінші сынып оқушыларының танымдық үрдістерін зерттей отырып, мазасыздықтың алдын алу және жаңа әлеуметтік даму жағдайына бейімделу кезеңінде психологиялық–педагогикалық қолдау жасау.

Бағдарлама міндеттері: Бірінші сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуі кезінде қорғаныштық және эмоцианалдық жайлылық сезімін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау. Бірінші сынып оқушыларының танымдық үрдісін зерттеу, дамыту Балалардың бір-бірімен танысу үшін қолайлы жағдайлар жасау. Мектеп ережелеріне қатысты оң қарым-қатынас әсерін қалыптастыру.

Бірінші сынып оқушыларының тұлғалық эмоциялық және коммуникативті жақтарын дамыту.

Әр баланың табысқа жету талпынысын дамыту.

Жеке өзіндік қасиеттерін көрсете білу үшін жағдай жасау.

Сыныптың ұжымдық бірлігі, бір-біріне деген сенімді қатынасын, ынтымақтастық дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылардың көру арқылы, естуарқылы есте сақтауы, ойлауы, қабылдау қабілеттері артады. Жаңадан бірінші сыныпқа келген оқушылар бір-бірімен танысып, есімдерін тез есте сақтайды, қарым-қатынасты құра алады.

Сыныпта бірлік, татулық, ынтымақтастық, ұжымдық дағдылары қалыптасады.

Бірінші сынып оқушылары мектеп өмірі ережелерін ұғынады.

Үрейі төмендеп, өз-өзіне сенімділігі артады.

Мектепке тез әрі жеңіл бейімделеді.

Топта психологиялық жағымды хал-ахуал құру. Шиеленістің алдын алу.

Бірінші сынып оқушыларының мұғаліммен және бір-бірімен танысуына байланысты жаттығулар жүргізіледі. «Менің атым... Мен өзімді сүйемін, себебі...», «Біз көкке жиналдық», «Сәлем!», «Өз құйрығын тістеген айдаһар» жаттығуы.

Төртінші сұрақ бойынша Б.Жұмабай тыңдалды: Оқушылардың бос уақытының қамтылуы оқушының бос уақытын ұтымды ұйымдастыруға баулу. Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан - жақты болуына арналады. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Бос уақытты пайдалана отырып, қоғам, ұжым, отбасы оқушылардың демалысын тиімді етіп ұйымдастырылуына күш жұмсауы қажет. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт - олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру - қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру-барша қауымның ортақ ісі. Оқушы жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде. Балалар ұйымы, ата-аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп өткізулеріне көмектесулері керек. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру оңай мәселе емес екенін де ұмытпауымыз керек.

Төрайымы:

А.Аксейтова

Хатшы:

Н.Молдагайсина

